

**Жаңаарқа ауданының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ**

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі



***Ісләм Жарылғаповтың
туғанына - 102 жыл***

Ұсыныс құрал

Жаңаарқа -2020 жыл

**Көп тілден түйіп ой – сезім,
Төл тілдің аршып көл көзін:
Төлдетіп ана тілімді,
Бес мың сөз қостым мен де өзім.**

Ісләм Жарылғапов.

**Біздің Ісләм Жарылғаповтай білімі жан – жақты
жазушымыз болса, мойнымызға мінгізіп, арқалап
жүрер едік.**

Шыңғыс Айтматов.

**Тіл жөніндегі, аударма жөніндегі ең данышпан
адам Ісләм Жарылғапов.**

Ілияс Омаров.

Ісләм Жарылғапов (1918–1993) - 4 тамызда Жезқазған облысының Жаңарқа ауданындағы Бірлік ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Алматы педагогикалық училищесін бітірген (1942). Мәскеу Жоғары дипломатия академиясының тыңдаушысы болған (1944–1945). 1942–1974 жж. мектеп мұғалімі, институт оқытушысы, Алматы облыстық комсомол комитетінің хатшысы, БЛКЖО Орталық Комитетінің (Мәскеуде) нұсқаушысы, Алматы қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторы, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1946–1952), Партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, «Жазушы», «Қазақстан» баспаларының аға редакторы, редакция меңгерушісі, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің алқа мүшесі, Өнер басқармасының бастығы, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағында көркем әдебиетті насихаттау бюросының директоры, аударма кеңесінің төрағасы секілді қызметтер атқарған. Көркем әдебиет саласында М.Горький, М.Шолохов, А.Герцен, Л.Толстой, А.Пушкин, Ф.Ниязи, Ә.Несин, У – Ян, К.Цеткин, В.Бердаль, И – Р. Бехер, т.б. жазушылардың әр жанрдағы шығармаларын қазақшалаған. Ұлттық терминология жасау ісіне араласып, қазақ тілі қорын 500-ден астам жаңа терминдермен байытты. «Үздік мұғалім», «Үздік мәдениет қызметкері», «Үздік баспасөз қызметкері» атақтарының иегері.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның құрметті журналисі Кешегі тарихта жетпіс жылдан астам дәуірлеген кеңес өкіметінің алғашқы жылдары дүниеге келіп, соңғы сәттерінде (1918-1991-жылдары) өмірден өткен жазушы, ғалым, аудармашы Ісләм Жарылғаповтың бүкіл саналы ғұмыры күрделі кезеңге тап келеді. Қазақ халқының тағдыры, ұлт болып қалыптасуы жолында аянбай тер төгіп, жауапты қызметтер атқара жүріп, жоғарыдан жүргізілген саясаттың темірдей тегеурініне қарамастан, ана тіліміздің байлығын сақтауға, ғылым мен техниканың қарыштап өскен кезеңінде уақыт талабына сай жаңа сөздермен, терминдермен жаңартуға өлшеусіз үлес қосты. КСРО өлген тілдердің моласына айналуға шақ қалған, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуға орыс шовинистері өлердей қарсы болған, Қазақстан өмірінде орыс тілі қожа тіл, орыс тілді қызметкерлер қазақ тіліне пысқырып та қарамаған, олардың қолшоқпарына айналған кейбір жалтақ, шен-шекпеншіл, мансапқұмар қазақтар қазақ тілінің көсегесін көгертпеген, орыс тілінің өзге ұлт тілдеріне пайдасынан көрі кесепаты көп болған қиын-қыстау кезеңде ана тілін білмейтін өз ұлтының өгей балаларын Қазақстанның азаматы деп атауға болмайтынын бұдан жарты ғасыр бұрын жазып кеткен де ұлтжанды азамат Ісләм Жарылғапов еді. Сол қазақ тілі тоқырап тұрған кездің өзінде Ісләм Жарылғапов лексикология, лексикография, жаңа сөздер жасау саласында 500-ден астам жаңа сөздерді, неологизмдерді, орыс және шет ел тілдеріндегі сөздердің лексикалық, сөз тіркестік балама сөздерін өмірге алып келді. Термин жасаушы, сөзжасаушы ғалымның төл туындылары – жаңа сөздері қазақ халқының, ғалымдарының, ақын-жазушылары мен журналистерінің шығармашылық шабытына қуат берді, әжетін ашып, кәдесіне жарады. Кезінде жазушы, драматург Асқар Сүлейменов Ісләм Жарылғаповтың көркем сөз зергерлігі туралы «Жақсыдан сөз шығады жан секілді, тамырдан атқылаған қан секілді» деп бағалаған екен. Танымал сөз зергері Ісләм Жарылғапов өмірден

өткенімен өшпес рухы тірілермен бірге жасап келеді. Күнделікті тұрмысқа енгізіп кеткен, қалада да, ауылда да кең қолданысқа ие, тілімізден түспейтін аялдама, балмұздақ, анықтама, күнделік, жанұя, көрермен, оқырман, саяжай, жағажай, ғарыш, зымыран, тыңжерші сияқты көптеген жаңа сөздері туған халқымен бірге мәңгі жасай беретін болады. Ескі мен жаңаны жымын білдірмей жалғастырып, ана тілімізді сара соқпаққа салып жіберу үшін көрегендік қабілет пен жан-жақты терең білім, бай сөздік қорды меңгерген сирек дарын иесі болды.

«Көп тілден түйіп ой-сезім,
Төл тілдің аршып көл көзін.
Төлдетіп ана тілімді,
Бес мың сөз қостым мен өзім.
Саяқ сөз тарап кендейін,
Көрсетпес сөзге денгейін.
Романға кірсе әр сөзім,
Романнан қалай кем дейін» – деп жазады Ісләм Жарылғапов.

Бұл өлеңінде Ісләм Жарылғапов өзінің тапқан жаңа сөздері, сөз тіркестері бар, шет ел тілдерінен аударған балама сөздерінің жалпы санын көрсетсе керек. Оның ішінде жаңа сөздері мен термин сөздері бес жүздің басын құрайды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ретінде Ісләм Жарылғапов өзіне «Негр» деген лақап атты (псевдоним) таңдап алады. Бұл теңеу бүкіл саналы ғұмырында жалқаулық дегенді білмей, елі үшін тер төгіп, еңбек еткенін білдірсе, екінші мағынасы аудармашылық қызметіне байланысты айтылады. Аударма ісімен ұзақ жыл айналысқан, бұл саланы үлкен өнер деп қабылдап, шығармашылық қызметпен егіз ұғымда зор құрметпен қарап келген Ісләм Жарылғапов жазушымен бірдей тер төгіп, еңбек

ететін аудармашы заңдылық, материалдық және моральдық тұрғыдан көп төмен екеніне кейістік білдіреді. Аударма сөзі кезінде «тудырма» сияқты қолайлы әрі мазмұнды мағынасын таба алмағандықтан құлаққа сіңісіп кеткен. Шын мәнінде «аударма» сөзі ақыл-ойсыз, сезімсіз, қолдың қимылымен атқарылатын әрекет. «Туынды» қол еңбегі емес, ой еңбегін білдіреді. Осындай кәсіпқой аудармашы еңбегіндегі теңгермешілік ақ нәсілдерден негрлерді төмендеткендей болған соң Ісләм Жарылғапов өзіне «Негр» деген лақап атты лайық көрген. Бұл әдебиет майданында қоян-қолтық бірге еңбек ететін жазушы мен аудармашының арақатынасын дәлме-дәл бейнелейтін мағыналы теңеу сөз. Көркем аударма өнерінде үнемі бұлжымай қолданатын тұрақты, тұрлаулы үлгі жоқ екенін алғаш айтқан, аударма ісіне елеулі жаңалық енгізген жандардың бірі де Ісләм Жарылғапов еді. Көркем аударма әрбір көркем туынды секілді қатып қалған үлгіден тумайды. Шалқыған шабыттан, сан-қилы шеберліктен өрбиді. Сондықтан да, көркем шығарманы аудармашылар түрлі-түрлі аударады. Олардың қайсысы сөзбе-сөз емес түбірдің әсерін, ой құнарын дәлме-дәл жеткізсе, жақын келсе, нағыз көркем аударма сол болады. Ісләм Жарылғапов бір тілден екінші тілге аударуды, аударма ісін үлкен өнер деп түсінеді. Бір халық пен екінші халықты үндестіретін, жақындастыратын алтын арқау, дәнекер, достық көпір деп түсінеді. Армяндар аудармашыны – туындатушы, қасиетті адам деп бағалаған. Мкрчанның айтуынша қасиетті аудармашы – туындатушыға ескерткіш орнатылғанына төрт мың жылдай уақыт өтсе керек. Демек, қастерлеуге тұрарлық қасиетті ғұлама. Қоғамның үздіксіз даму кезеңінде әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес құбылып, өзгеріп отырады. Арғы түп-тамырын ауыз әдебиеті қайнарынан алып, ауызекі

сөйлеу үлгілерін бойына жинап, шешендік сөздермен әрлене түскен ұлттық тіліміз Ислам дінінің Орта Азияға таралуы кезеңінде түркі халықтары арасында діни наным-сенімге, саудасаттыққа, ұсақ кәсіпшілікке байланысты ұғымдарды білдіретін араб, парсы сөздерінің, одан кейінгі кешегі кеңестік дәуірдегі орыс тіліндегі көптеген сөздердің енуімен бастапқы ажарынан айырыла бастағанда қазіргі нарыққа тән терминдер тегеуріні ұлттық сөз қорын тым күрделендіріп жіберді. Осындай кезеңде әр саланың терминологиялық жүйесін қалыптастыру, мектеп пен жоғары оқу орындарының қабырғасында білім алып жүрген жастарға дұрыс бағыт беріп, жол сілтейтін көмекші құралдар мен оқулықтар шығару, әсіресе, ғылыми-техникалық сөздіктер, терминологиялық кітаптарды пайдаланудың қыруар міндеттері ұлттық тіл мамандарының иғына батпан жүк артқаны белгілі. Еліміздің тығырыққа тірелген ана тілін сара соқпаққа салып жіберу үшін ескі мен жаңаның жымын білдірмей ұштастыратын көрегендік қабілет, жан-жақты терең білім, ұлтымыздың бай сөздік қорын меңгерген кәсіпқой тіл мамандары ауадай қажет ақ. Жаңа технология тасқындап, жаһанданудың жойқын күші күнделікті өмірімізге баса көктеп еніп, салт-сана, әдет-ғұрып, ата дәстүріміздің құнарын шайқаған, қаймағы бұзылмаған ана тілімізге қарадағы қойға қасқырша тигендей, ту талақай еткен, тума төл сөздеріміз топан суға батып, әр жерден басын қылтитқан қазіргідей нарық заманында Ислам Жарығаповтай азаматтар тірі жүргенде туған халқын тіл тұманынан адастырмай алып шығар еді-ау деген ой да көкейге оралады. Коммерция, бизнес, менеджер, маркетинг, кәсіпкерлікке қатысты пайда болған қаншама сөздер мұрты қисаймай сөздік қорымызда сол күйінде сайраңдап жүр.

Олардың қазақ тіліндегі баламасын тауып, халықтың кәдесіне жаратсақ деп еңбектеніп жүгендердің қатары да сирек. Оның үстіне бір сөздің баламасын тарихта қалатындай етіп қатырып тұрып тапқан адамға пәлен ақша беріледі деп елдің қызығушылығын туғызып жатқан құзырлы орындар тағы жоқ. Сонымен шілдедегі шегірткедей ұшып келген кірме сөздер ұлттық тіліміздің бақшасына қаптады да кетті. Ислам аудармалар арқылы қазақ тіліне бірнеше сөз қосты. Орыстың ұлы жазушысы И.С.Тургенов орыс тіліне «шуршит», яғни, «Қамыш шуршит» («Қамыс сыбырлайды») деген сөз қосқанын замандастары қуана қабылдаған. Ал, Исламның тіл саласындағы рухани байлығы – сирек кездесер жайт. Қазір қазақ біткен қолданып жүрген басылым (издание книги), көрермен (зритель), оқырман (читатель) деген сөздер Ислам қаламының жемісі. Формальді түрде қарасақ, бұл сөздер әрине, лингвистикалық фактілер, бірақ, осы сөздер арқылы әрқилы сезімді, ойды құбылта суреттей білгенде, әлбетте әдеби фактілер болары өзінен-өзі түсінікті нәрсе ғой... Ғалым өмірінің соңғы жылдары қосқан оқулық (учебник), жем-шөп (корм), санамақ (считалка), мазақтама (дразнилка), ойынхана (игротека) әдемі табылған терминдер. Сөзжасау, бейнелі сөз тіркестерін жинақтаумен ел ішінен шыққан оқымыстылар, ғалымдар ертеден айналысып келгені тарихтан белгілі. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Түркістан мұғалімдер семинариясының түлегі Иш-Мұхамед Букин деген азамат үш мыңнан астам сөзден тұратын орыс-қырғыз, қырғыз-орыс сөздігін құрастырып, кітап етіп шығарады. Одан кейінгі уақытта Қазақстан Ғылым академиясының Тіл институты орыс-қазақ сөздігін талай мәрте жинақтап, жетілдіріп шығарып келеді.

Әдебиеттер тізімі:

Смайыл, Қ

Дарабоз // Ана тілі, 2018. – 27 маусым (№25). – 6-7 б.

Ісләмтану ілімінің негізін қалаған – «алматы ақшамы» // Алматы Ақшамы, 2008. – 5 шілде (№76). – 13 б.

Қырғызбай, Ө

Тәңір Жарылқаған Жарылғаповтар // Алматы Ақшамы, 2008. – 14 маусым (№67). – 8-9 б.

Қырғызбаев, Ө

Сөз зергері Ісләм Жарылғапов. Ғалым аудармашы туралы зерделі зерттеу. Алматы, 2008. – 312 б.+24 б. жапсырма.

Ісләм Жарылғапов туғанына – 102 жыл: Ұсыныс құрал оқырманға;
Құраст.: Сәтбаева Б.Т.. Жаңаарқа, 2020 . – 10 б.

Жаңаарқа ауданы
С.Сейфуллин даңғылы – 25
Кітапхана сайты

[www. Zhanlib.kz](http://www.Zhanlib.kz)

Телефондар:
Қызмет көрсету бөлімі 7-90-11